

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Адамдар жануарлардан не алады?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.11.2021СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/109192/

Ермекбаева Перизат

Пәні: Жаратылыстану Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Дені саудың — жаны сау		Мектеп: Әл-Фараби атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Ермекбаева Перизат	
Сынып: 1 «Ә»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Адамдар жануарлардан не алады		
Сабақ негізделген оқу мақсаты	1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату;		
Сабақтың мақсаттары	<p><b>Барлық оқушылар істей алады:</b></p> <p>Үй жануарларынан және үй құстарынан алынатын өнімдерді атайды</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі істей алады:</b></p> <p>Жануарлардан алынатын өнімдерді ажыратады</p> <p><b>Кейбір оқушылар істей алады:</b></p> <p>Жануарлардың адам өміріндегі маңызын түсіндіреді</p>		
Бағалау критерийлері	Жануарлардан алынатын өнімдерді анықтайды Жануарлардың адам өміріндегі маңыздылығын айқындайды		
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар үй жануарларынан алынатын өнімдерді сипаттайды</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер (пәнге арналған сөздік және терминология): тері, жүн, сүт, жұмыртқа, ет</p> <p>Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: -Неге жабайы және үй жануары деп атаймыз? -Жануарлардан қандай өнім аламыз? -Жануарларға қалай қарау керек? -Жануарлардан алынған өнімдердің адам өміріндегі пайдасы қандай?</p>		
Құндылықтармен байланыс	Топтық, жұптық жұмыстар барысында сын тұрғысынан ойлауға, өз пікірін дәлелдей алуға,ынтымақтастықта жұмыс жасауға, жауапкершілікті сезінуге баулу.		
Пәнаралық байланыс	Дүниетану.		
Алдыңғы білім	Жабайы және үй жануарларын біледі.		
<b>Жоспар</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>		<b>Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескертпелерді жазыңыз)</b>	<b>Ресурстар</b>
Басы	5 мин	<p><b>1.Ынтымақтастық атмосферасын құру.</b> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы күн достарым, Қайырлы күн мұғалім</p> <p><b>2. «Ширату»</b> «Үйшігін тап» ойыны. Оқушыларға жануарлардың суреттерін таратамын.Әр оқушы суреттерді сәйкес үйшігіне жапсырады. Әр топ суреттердің дұрыс жапсырылғанын біріге тексереді, қанша сурет болғанын санап шығады және аттарын айтады.</p> <p><b>ҚБ.</b> Әр топтың жауабын топтық бағалау «Жұлдызша» әдісі арқылы бағалау -Балалар, біз бүгін не туралы айтамыз деп ойлайсындар?</p>	

